«8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Нурымбетов Едил Шаяхметовичтың
«Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы – еліміздегі ең үлкен әлеуметтік топ болып саналатын орта білім саласындағы ұстаздардың Қазақстанда жүргізіліп жатқан білім беру реформалары, қоғамдық құндылықтардың өзгеруі және мемлекеттік саясат мұғалімдердің идентификациясын қалыптастыруға қаншалықты әсер ететінін анықтауға бағытталған. Жұмыс мазмұны «Мұғалім мәртебесі» туралы заң, «Адал азамат – біртұтас тәрбие» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың міндеттерімен үйлесіп, ұлттық экономиканың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету және қоғамның әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру мақсаттарына сай келеді. Осы тұрғыдан алғанда, тақырыптың таңдалуы уақыт талабына сай, елдің әлеуметтік-экономикалық даму сұранысына жауап береді және әлеуметтану ғылымының даму бағыттарымен толық сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Нурымбетов Е.Ш. диссертациялық жұмысы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады және Қазақстандағы мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын социологиялық тұрғыда кешенді түрде зерттеу арқылы кәсіби топтар мен білім беру жүйесінің өзара әрекеттесуін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Автордың ғылыми қызметінің нәтижелері 13 ғылыми жарияланымда көрініс тапқан. Оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық журналдағы 2 мақала бар. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби және әлеуметтік идентификациясы, кәсіби мотивациясы мен беделі тақырыптарын қамтып, Қазақстандағы білім әлеуметтануының эмпирикалық және теориялық базасын кеңейтеді. Мақалалар Варшава университетінің Kwartalnik Pedagogiczny журналында, Education and Self Development, Jurnal Cakrawala Pendidikan сияқты халықаралық беделді басылымдарда және ҚазҰУ жаршысы, Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы сияқты отандық журналдарда жарияланған. Осылайша, Нурымбетов Е.Ш. еңбегі Қазақстандағы әлеуметтану ғылымының, соның ішінде білім әлеуметтануы мен кәсіби идентификация теориясының дамуына жаңа серпін береді және мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын қоғамдағы кәсіби беделді қалыптастырудың, әлеуметтік тұрақтылық пен адами капиталды дамытудың маңызды тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппарат ы сауатты құрылған, зерттеудің логикалық-

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	құрылымдық мазмұны жүйелі сипатта дамып, диссертациялық жұмыстың ізденуші тарапынан дербес және өз бетінше орындалғанын дәлелдейді. Зерттеу барысында ұсынылған идеялардың дәйектілігі, қолданылған әдістердің мақсатқа сай және орынды таңдалуы, эмпирикалық материалдың мазмұндылығы автордың ғылыми тұрғыдан қалыптасқанын, зерттеу логикасын толық меңгергенін және ғылыми-ізденіс жүргізуде өзіндік бағыты бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ұсынылған модельдер мен ғылыми негізделген ұсыныстар зерттеудің жаңалығы мен өзектілігін нақтылай түседі және оның практикалық әлеуетін көрсетеді. Жалпы, диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми талаптарға сай, дербес авторлық ізденіс негізінде орындалған. Осыған сәйкес өзі жазу деңгейі - жоғары деп бағаланады
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбы – мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы – Қазақстандағы білім беру жүйесінің институционалдық трансформациясы аясында ерекше маңызға ие. Соңғы онжылдықта қабылданған реформалар, атап айтқанда, «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң, білім беру сапасын арттыруға бағытталған ұлттық стратегиялар мен жаңа құндылықтық бағдарлар – мұғалім рөлін қайта пайымдауды талап етеді. Осы контексте диссертациялық жұмыстың өзектілігі терең негізделген. Біріншіден, мұғалімдер – еліміздегі ең ауқымды кәсіби топтардың бірі, олардың кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі тануы қоғамдағы теңдік,

			әділеттілік және сапалы білім құндылықтарының көрінісі. Екіншіден, автордың эмпирикалық зерттеуінде ұсынылған мұғалімдер нарративтері мен статистикалық талдау білім берудегі кәсіби сәйкестену мәселелерін ғылыми және практикалық тұрғыдан ашып көрсетеді. Үшіншіден, диссертация нәтижелері мұғалім беделі мен мәртебесін арттыруға бағытталған саясат пен практикаға негіз бола алады. Қорытындылай келе, жұмыс қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың дамуымен және білім беру жүйесінің әлеуметтік аспектілерін тереңірек түсіндірумен толық үйлеседі.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны «Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау» тақырыбын толықтай айқындайды. Зерттеу тараулары мұғалімнің кәсіби және әлеуметтік танымын, бұл үдерістегі институционалдық, мәдени және реформалық факторлардың ықпалын кезең-кезеңімен сипаттайды. Теориялық бөлімде әлеуметтік идентификация, кәсіби мәртебе, кәсіби рөл және стратификация теорияларының негізінде ұғымдық аппарат пен теориялық базис жүйелі түрде ашылған. Эмпирикалық бөлімде мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби тәжірибесі әртүрлі әдістермен (сауалнама, сұхбат, деректерді сандық/сапалық талдау) кешенді талданған. Мұғалімдердің әлеуметтік бейнесін аймақтық, демографиялық және институционалдық кескіндерде сипаттау – диссертация тақырыбының мазмұнын толық ашады. Жұмыс мазмұны мен тақырыбы

			арасындағы сәйкестік ғылыми бірізділікпен қамтамасыз етілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаты мен міндеттері тақырып мазмұнына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты – мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясының құрылымын, қалыптасу ерекшеліктерін және оған әсер ететін факторларды кешенді түрде әлеуметтанулық аспектіде зерделеу – диссертацияның теориялық негіздемесінен бастап эмпирикалық нәтижелеріне дейінгі барлық деңгейінде нақты орындалған. Міндеттер құрылымы зерттеудің логикасына сай және мазмұндық жағынан өзара байланысты: мұғалімдердің әлеуметтік сипаттамаларын анықтау, кәсіби идентификация теорияларын бейімдеу, нормативтік-құқықтық база мен білім беру реформаларын талдау, мұғалім беделі мен кәсіби мотивацияның рөлін анықтау, әрі алынған деректерді өңдеп, ұсыныстар жасау. Бұл міндеттер толық орындалған және диссертация мақсатына жетуге толық мүмкіндік берген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері өзара толық логикалық байланыста. Зерттеу құрылымы дәстүрлі ғылыми логикаға сай құрастырылған. Кіріспеден бастап теориялық негіздер, әдіснамалық ұстанымдар, эмпирикалық зерттеу нәтижелері мен қорытындылар ретімен берілген. Теориялық бөлімде кәсіби идентификация ұғымы кеңінен талданып, отандық және шетелдік әдебиетке шолу жасалса, әдіснамалық бөлімде зерттеу тәсілдері нақты негізделген.

			Эмпирикалық бөлімде алынған деректер жүйелі түрде сараланып, теориялық алғышарттармен ұштастырылған. Қорытындылар мен ұсыныстар алдыңғы тараулардың нәтижесіне негізделіп, бүкіл жұмыс мазмұнымен сабақтасқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертацияда автор ұсынған қағидаттар мен нәтижелер бұрыннан белгілі теориялық шешімдермен салыстырылып, терең сыни талдау жүргізілген. Мұғалімдердің кәсіби идентификациясын қалыптастыратын факторлар жүйелі түрде қайта сараланып, отандық білім беру реформаларының, демографиялық және аймақтық ерекшеліктердің әсері жаңаша пайымдалған. Бұл диссертацияның ғылыми жаңалығын және автордың талдау тереңдігін айқын көрсетеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Нурымбетов Е.Ш. диссертациялық зерттеуіндегі ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар ішінара жаңа (50–75%). Жұмыста мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы ұғымы қазақстандық білім беру жүйесінің трансформация жағдайында қарастырылып, бұл феномен алғаш рет кешенді түрде ұлттық эмпирикалық деректер негізінде талданған. Автор кәсіби идентификацияны талдау үшін бірнеше деңгейлі ұстаным ұсынып (жеке, кәсіби, институционалдық, әлеуметтік), оны теориялық және эмпирикалық түрде негіздеген. Зерттеудің теориялық негізі халықаралық әдебиетке сүйеніп құрылғанымен, оның отандық контексте бейімделіп қолданылуы жаңашылдық элементтерін қамтамасыз етеді. Эмпирикалық мәліметтер арқылы қалыптастырылған

			типологиялар мен факторлық модельдер де Қазақстандағы мұғалімдер тобына тән ерекшеліктерді ғылыми айналымға енгізуге септігін тигізеді. Сонымен бірге, бұрыннан белгілі теориялық үлгілерге автор тарапынан жаңа интерпретациялар берілгені байқалады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары 70–80% деңгейінде жаңа деп есептеледі. Автор мұғалімдердің кәсіби идентификациясына әсер ететін факторларды бұрыннан белгілі теориялық үлгілермен салыстырып, оларды отандық білім беру жүйесінің трансформациясы аясында жаңаша пайымдаған. Қорытындыларда кәсіби ресурстар, мұғалім мәртебесі, мотивация және өзін-өзі тану үдерістерінің өзара байланыстары ғылыми негізде ұсынылған. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған кейбір тұжырымдар бұрынғы зерттеулермен үндес болғанымен, оларды Қазақстан контексінде алғаш рет жүйелеу мен талдау авторлық үлес ретінде бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген. Диссертациялық зерттеуде мұғалімдердің кәсіби идентификациясына әсер ететін басқарушылық тетіктер, оның ішінде кадрлық саясат, мотивациялық жүйелер және білім беру реформаларының стратегиялық бағыттары кешенді түрде талданған. Автор осы факторларды зерттей отырып, Қазақстандағы мұғалім мәртебесін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін ұсынған. Бұл ұсыныстар эмпирикалық деректер мен салыстырмалы

			талдаулар арқылы дәлелденіп, ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру тұрғысынан құндылығы жоғары екені көрсетілген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация қорытындылары ғылыми тұрғыда сенімді дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуде сапалық деректерді жинаудың заманауи әдістері – in-depth сұхбаттар мен тематикалық талдау (Braun & Clarke үлгісі) қолданылған. Бұл әдіс арқылы алынған нәтижелер теориялық үлгілермен салыстырылып, деректермен толық дәйектелген. Сонымен қатар, қорытындыларда өңірлік және демографиялық айырмашылықтарға назар аударылып, нақты мысалдар келтірілген. Автордың әрбір қорытындысы зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сай құрылып, теориялық-әдіснамалық тұғырмен үйлесім тапқан. Осылайша, диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға толық жауап береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ;	Иә, қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар нақты эмпирикалық және теориялық дәлелдермен негізделген. Автор жүргізген сапалық және сандық зерттеу әдістері, соның ішінде мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар мен сауалнамалар, ережелердің шынайылығын және ғылыми дәйектілігін растайды. Жоқ, ұсынылған тұжырымдар тривиалды емес. Әрбір қағидат кәсіби сәйкестену, мотивация, әлеуметтік мәртебе, және реформаларға байланысты мұғалімдік болмыстың күрделі қырларын ашады. Бұл бағыттарда бұрын-соңды

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жүргізілген зерттеулер шектеулі болғанын ескерсек, ізденушінің үлесі айқын көрінеді. Иә, ережелер жаңа. Мысалы, ресурстық қамтамасыз ету мен сәйкестену арасындағы байланыстың құрылымдық талдануы, бейматериалдық мотивация факторларының басымдықтары және мұғалімдік идентификацияға әсер ететін контекстуалдық элементтер алғаш рет кешенді түрде ұсынылған. Қолдану аясы кең. Диссертацияда алынған тұжырымдар білім беру саясатын жетілдіру, кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз ету, мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын бағалау және кәсіби дамуын қолдау бағытында практикалық маңызға ие. Иә. Қорғауға ұсынылған тұжырымдардың барлығы ізденушінің Scopus және отандық рецензияланған журналдарда жарық көрген мақалаларында дәлелденген. Бұл жұмыстар дербес ғылыми зерттеу ретінде бағалауға толық негіз береді.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Ізденушінің диссертациялық жұмысының әдістемесі ғылыми талаптарға сай келеді. Автор зерттеу міндеттеріне сәйкес теориялық ұғымдарды нақтылап, оларды операционализациялаған. Сандық (сауалнама, SPSS) және сапалық (жартылай құрылымдалған сұхбат, мазмұндық талдау) әдістердің үйлесімі нәтижелердің сенімділігін арттырады. Сонымен

			қатар, әдіснамалық тәсілдер халықаралық тәжірибеге сүйеніп, отандық жағдайға бейімделген. Бұл әдістемелік сауаттылық пен зерттеушінің жауапкершілігін көрсетеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Ізденуші зерттеу барысында заманауи ғылыми әдістер мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалана білген. Сандық деректер SPSS (21-нұсқа) статистикалық бағдарламасы арқылы өңделіп, регрессиялық және салыстырмалы талдаулар жүргізілген. Сапалық деректерді кодтау мен интерпретациялау үшін электрондық платформалар мен Excel кестелері қолданылған. Бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырып, ғылыми негізде интерпретация жасауға мүмкіндік берген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық зерттеу барысында алынған сандық (сауалнама) және сапалық (сұхбат) мәліметтер теориялық моделдердің дұрыстығын көрсетеді. Автордың кәсіби идентификацияға әсер етуші факторларды жүйелеуі мен оларды аймақтық, әлеуметтік-мәдени контексте қарастыруы – ғылыми жаңалық болып табылады. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби бейнесін қалыптастыратын заңдылықтарды эмпирикалық негізде нақты сипаттап берген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда келтірілген теориялық және аналитикалық мәлімдемелер отандық және халықаралық ғылыми еңбектерге сүйеніп дәйектелген. Автор әлеуметтік-саяси, мәдени, кәсіби идентификация теорияларына қатысты П. Бурдье, Э. Гидденс, М. Вебер, Э. Дюркгейм, сондай-ақ қазақстандық контекстегі мұғалім

			мәртебесі мен реформаларына арналған заманауи зерттеулерді ұтымды пайдалана білген. Бұл сілтемелер тұжырымдардың сенімділігін арттырып, зерттеудің ғылыми құндылығын бекіте түседі.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Автор өз зерттеуінде әлеуметтік ғылымдар саласындағы беделді еңбектер мен Қазақстанның білім беру жүйесіне қатысты заңнамалық және саяси құжаттарға сүйенген. Халықаралық және отандық соңғы зерттеулер пайдаланылған. Барлығы екі жүзден астам дереккөз қамтылып, классикалық теориялар мен қазіргі эмпирикалық зерттеулер біріктірілген. Мұндай кең библиографиялық база зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға және оның теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыруға мүмкіндік берген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Автор қазақстандық мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын зерттеу арқылы социологиялық ұғымдар мен теорияларды кеңейтеді. Кәсіби идентификация, мотивация, мұғалім беделі мен әлеуметтік капитал ұғымдары қазақстандық білім беру контексінде жаңаша талданып, теориялық үлес қосылған. Зерттеу нәтижелері мұғалім тұлғасын социологиялық тұрғыда зерделеуге жаңа серпін береді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелерінің практикалық қолдану аясы кең. Эмпирикалық деректерге сүйене отырып жасалған тұжырымдар мұғалімдерге қатысты мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған. Әсіресе мұғалімдердің кәсіби дамуы мен мотивациясын қолдауға
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			арналған ұсыныстар білім беру ұйымдарының іс-тәжірибесінде пайдалануға лайық. Аймақтық білім бөлімдері мен сапаны бақылау органдары үшін де бұл зерттеу кадрлық стратегиялар әзірлеуде бағалы ресурс бола алады. Диссертация білім социологиясы саласына нақты практикалық серпін береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстардың басым бөлігі диссертацияның эмпирикалық базасына негізделген және Қазақстан контексінде алғаш рет ұсынылып отыр. Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен кадрлық қолдауына қатысты жаңа тәсілдер, аймақтық ерекшеліктерді және субъективті тәжірибелерді ескере отырып жасалған шешімдер зерттеудің практикалық жаңалығын көрсетеді. Бұндай көпдеңгейлі саралау мен нақты ұсыныстар алдыңғы зерттеулерде жиі кездеспейді, сондықтан бұл жұмыс практикалық бағыттылығы және бірегейлігімен ерекшеленеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Мәтіннің құрылымы жүйелі әрі логикалық ретпен берілген. Ғылыми стиль талаптары мен академиялық бейтараптық толық сақталған. Терминдер мен ұғымдар бірізді қолданылып, теориялық және эмпирикалық бөлімдер өзара үйлесімді байланыстырылған. Автор өз тұжырымдарын нақты әрі дәйекті түрде дәлелдеп, әдебиеттерге сілтемелер халықаралық академиялық стандарттарға сай рәсімделген. Жазу тілі ғылыми мәдениеттің талаптарына толығымен сәйкес келеді.

11.	Диссертацияға ескертулер		Зерттеудің ғылыми құндылығы зор, құрылымы логикалық тұрғыда бірізді, теориялық және эмпирикалық блоктар жақсы үйлескен. Автор мұғалімдердің кәсіби және әлеуметтік идентификациясын зерттеуде нарративтік сапалық тәсілді орынды қолдана отырып, маңызды нәтижелерге қол жеткізген. Дегенмен, диссертация мазмұнын байыту үшін бірқатар бағыттарды атап өтуге болады. Біріншіден, мұғалім дауысының көрінісі мен шектеулері мәселесі. Автор мұғалімдердің өз-өзін қабылдауы мен әлеуметтік беделін көрсету барысында маңызды тұжырымдар жасағанымен, ішкі ұстанымдар мен сыртқы шектеулер арасындағы қайшылықты нақты мысалдармен тереңірек көрсету зерттеу нәтижелерін толықтыра түсер еді. Мысалы, кәсіби міндет пен әлеуметтік күтім арасындағы шиеленіс ерекшелігін көрсетуге болады. Екіншіден, теориялық базаны классикалық ұғымдармен салыстыру тұрғысы. Зерттеуде қолданылған теориялық негіздеме кең болғанымен, Э. Гоффманның «әлеуметтік рөл», А. Гидденстің «құрылымдасу теориясы», П. Бергердің «әлеуметтену» ұғымдарына сүйене отырып, қазіргі мұғалімнің жағдайына бейімдеу зерттеудің теориялық қырын нығайтар еді. Үшіншіден, сапалық зерттеудің тек Алматы қаласымен шектелуі жұмыстың географиялық репрезентативтілігіне шектеу қояды. Егер болашақта бұл зерттеу өңірлік деңгейде (ауыл/қала, басқа облыстар) кеңейтілсе, алынған нәтижелерді жалпылау мүмкіндігі арта түсер еді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалары жеткілікті және диссертация мазмұнымен толық сәйкес келеді. Автордың жарияланымдары Қазақстандағы мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы тақырыбын әртүрлі қырынан ашады. Мұғалім мамандығын таңдау мотивациясы, кәсіби бедел, мұғалімдердің тілдік саясат аясындағы тәжірибелері, кәсіби даму факторлары мен мұғалімдік миссияны сезіну сияқты аспектілер жан-жақты қамтылған. Автордың мақалалары Scopus дерекқорындағы беделді халықаралық журналда (Education & Self Development), ҒжЖБМ ұсынған отандық журналдарда (ҚазҰУ Хабаршысы, Kwartalnik Pedagogiczny және т.б.), сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген. Жарияланымдар диссертациялық зерттеудің теориялық және эмпирикалық нәтижелерін айқын бейнелейді және докторлық деңгейге сай ғылыми тереңдігімен ерекшеленеді. Мақалаларда қолданылған әдіснамалар (сапалық және сандық зерттеу) және алынған нәтижелер әлеуметтану ғылымының даму бағытына нақты үлес қосады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Нурымбетов Едилдің «Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстандағы мұғалімдердің кәсіби рөлі мен әлеуметтік мәртебесін социологиялық тұрғыдан кешенді зерттейді. Автор кәсіби идентификация, мотивация, мәртебе ұғымдарын Э.Гоффман, А.Гидденс, Т.Парсонс сияқты

			классиктердің теориясымен байланыстырып, оларды ұлттық контексте бейімдеген. Сапалық (сұхбат, мазмұндық талдау) және сандық (сауалнама, SPSS) әдістерді үйлестіре отырып, мұғалімдердің нақты тәжірибесіне негізделген зерттеу жүргізген. Деректерді триангуляциялау арқылы әлеуметтік құрылым мен кәсіби ұстаным арасындағы байланыс ашылған. Зерттеу нәтижелері білім саясатын, кадрлық тұрақтылықты, мұғалім беделін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстармен ерекшеленеді. Диссертация педагогикалық ЖОО-ларда оқытылатын пәндер үшін де пайдалы. Автордың Scopus және беделді отандық журналдарда жарияланған мақалалары зерттеу мазмұнымен толық сәйкес келеді және ғылыми тереңдігімен ерекшеленеді. Жұмыс мазмұны, жаңалығы және әдістемелік негізділігі тұрғысынан «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін беруге толық лайық.

Қорғауға ұсынылған «Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстандағы білім беру саласындағы мұғалімдердің әлеуметтік рөлі, кәсіби бейнесі мен жеке рефлексиясын зерттеуге арналған маңызды ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысында классикалық және заманауи социологиялық теориялар ұштастырылып, мұғалімдердің әлеуметтік рөлі, кәсіби шектеулері мен мотивациясы кешенді түрде қарастырылған. Сапалық зерттеу әдісінің Алматы қаласымен шектелгеніне қарамастан, алынған деректер нақты және өзекті тенденцияларды сипаттайды. Мұғалімдердің тәжірибесі мен көзқарастары нарративтік тәсілмен жеткізіліп, олардың кәсіби сәйкестік процесі теориялық ұғымдармен байланыстырыла талданған. Сонымен қатар, диссертацияда эмпирикалық бөлім мен теориялық негіздеме арасында үйлесімділік сақталған. Автор ұсынған ұсыныстар мұғалімдерге бағытталған әлеуметтік саясатты жетілдіруге, кәсіби қолдау тетіктерін дамытуға септігін тигізе алады. Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық жазу стандарттармен, ғылыми дәлдігімен және зерттеу тереңдігімен ерекшеленеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере

отырып, диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы және ғылыми жаңалығы бойынша «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Осыған байланысты, Нурымбетов Едил Шаяхметовичке «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:

Амитов Султанкожа Абдукадырович –
Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының
м.а. қауымдастырылған профессоры,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба